

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
13.04.2022 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 13.04.2022 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Е. КОШАНОВ.**

**ТӨРАҒА.** Құрметті депутаттар, соңғы мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Бижанова Гүлнар Қадіржанқызына беріледі.

**БИЖАНОВА Г.Қ.** Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Жұмыс тобы Парламент депутаттары бастамашылық жасаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы бойынша жұмысты аяқтады.

Заң жобасын әзірлеуге Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары негіз болды. Бұл жоспар заңнамалық өзгерістерді, соның ішінде ең көп қолданылатын технологияларды пайдалануды стандарттауға және зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған өзгерістерді қабылдауды көздейді.

Заң жобасы құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар мен Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілдері қызметінің ашықтығын күшейтуге бағытталған.

Депутаттар зияткерлік меншік құқықтарын және өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғауды күшейтуге бағытталған бірқатар түзетулер енгізді.

Атап айтқанда, құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымның жиналған және төленген сыйақыға қатысты, пайдаланушылармен шарттар туралы, аудиторлық қорытындылар, сондай-ақ ұқсас ұйымдар арасында өзара мүдделерді білдіру туралы шарттар жасасу жөніндегі ақпаратты өзінің интернет ресурсында орналастыру бөлігіндегі міндеттері нақтыланады.

Зияткерлік меншік объектілерін қорғаудың халықаралық практикасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімін жүргізудің қолданыстағы практикасына

сәйкес зияткерлік меншіктің дербес объектісі ретінде «географиялық көрсеткіш» ұғымы енгізіледі.

Өнеркәсіптік меншік объектілерін күзету және қорғау саласында патенттік сенім білдірілген өкілдер институтын жетілдіру бойынша түзетулер көзделген.

Депутаттардың бірқатар түзетулері ұлттық заңнаманы зияткерлік меншік саласындағы халықаралық актілермен (Еуропалық одақпен кеңейтілген әріптестік туралы келісім және Еуразиялық патенттік конвенцияға Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау туралы хаттама) үйлестіру қажеттілігімен байланысты.

Депутаттар енгізген түзетулердің үлкен блогы мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету, заң көмегіне құқығы бар адамдар мен осындай көмек көрсететін адамдар тобын кеңейту мәселелеріне қатысты болды. Бұл жұмыс «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы міндеттерінің бірін іске асыру мақсатында жүргізілді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы әркімнің білікті заң көмегін, оның ішінде заңда көзделген жағдайларда тегін алу құқығына кепілдік береді.

Қоғамның мемлекет кепілдік берген заң көмегін алу көлемін ұлғайту мен кеңейтуге деген сұранысы артып келе жатқанын ескеріп, депутаттар заң консультанттарына әкімшілік және азаматтық істер шеңберінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуді ұсынды.

Атап айтқанда, азаматтық сот ісін жүргізуде мүдделерді қорғау және білдіру түріндегі заң көмегі талапкерлер мен жауапкерлерге:

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау;

көпбалалы отбасылардағы балаларды асырап бағуға арналған алименттерді өндіріп алу;

тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбір көрген адамдардың құқықтарын қорғау туралы даулар бойынша көрсетілетін болады.

Құқықтық кеңес беру түріндегі заң көмегі:

көпбалалы және табысы аз отбасыларға;

Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және оларға теңестірілген адамдарға, басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, мерзімді қызмет әскери қызметшілеріне;

I және II топтағы мүгедектерге;

тұрмыстық және сексуалдық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге, адам саудасы саласындағы қылмыстардың, терроризм актілерінің не азаптаулардың құрбандарына;

асыраушысының қайтыс болуы салдарынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша адамдарға;

жұмысына байланысты денсаулығының зақымдануы салдарынан не қылмыстық құқық бұзушылық салдарынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға көрсетілетін болады.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету мәселелері бойынша түзетулер заң жобасының атауын өзгертуді талап етті.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, патенттік сенім білдірілген өкілдер, авторлық құқық саласындағы қоғамдық ұйымдар, сарапшылар қауымдастығы өкілдерінің, адвокаттар мен заң консультанттарының, сондай-ақ мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының жиырма жеті отырысы өткізілді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде комитет аталған заң жобасын екінші оқылымда мақұлдауға болады деп есептейді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Гүлнар Қадіржанқызы.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасын екінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 103, «жақтағандар» – 103. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 102, «жақтағандар» – 102. Қаулы қабылданды.



*Дүррис: Құжаттамамен қамтамасыз ету  
бөлімінің сектор меңгерушісі  
Майя Н. Майынғаров.*